

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 1832

Құқық қорғау және қорғаныс ведомстволарының оларға Тың темір жол басқармасы көрсеткен қызметі үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен республикалық бюджетке қосымша құнға салынатын салық бойынша 44873 (қырық төрт миллион сегіз жүз жетпіс үш мың) мың теңге сомасында берешегі бар Тың темір жол басқармасы арасында бір жолғы есептеу жүргізсін.

Аталған сома Тың темір жол басқармасы көрсеткен қызмет үшін берешекті өтеуге құқық қорғау және қорғаныс ведомстволарын қаржыландыру есебіне мынадай мөлшерлерде есептелсін:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бойынша 23 376 мың (жиырма үш миллион үш жүз жетпіс алты мың) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті бойынша 1 827 мың (бір миллион сегіз жүз жиырма жеті мың) теңге сомасында;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бойынша 11 961

мың (он бір миллион тоғыз жүз алпыс бір мың) теңге сомасында;

Ішкі әскерлер командованиясі Бас басқармасы бойынша (N 6636 әскери бөлімше) 7 709 мың (жеті миллион жеті жүз тоғыз мың) теңге сомасында.

2. Қарызды есептеу 1995 жылғы 10 қазандағы жағдай бойынша, аталған соманы республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК